

ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Қылмыстық құқықты дамытудың маңызды бағыты ең алдымен аса қоғамдық қауіп тудырмайтын адамдарға (абайсызда қылмыс жасаған кәмелетке толмаған адамдар, өзге де адамдарға — жазаны жеңілдететін мән-жайлар) қатысты қылмыстық жазалаудан босатудың шарттарын кеңейту арқылы қылмыстық қуғын-сүргінді қолдану аясын кезең-кезеңмен қысқарту мүмкіндігін айқындау болып табылады.

Қылмыстық заңды Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен сәйкес келтіру маңызды болып табылады. Бұл арада, атап айтқанда, сөз қылмыстық сипаттан арылту ғана емес, керісінше кейбір құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлеріне қылмыстық сипат беру. Қылмыскер мен заңға бағынушы адамдардың болмысын зерттейтін салыстырмалы психология мен әлеуметтану мынадай қорытынды жасаған: қылмыскер — үрейленуі, өзіне сенімсіздігі, импульсивтілігі мен агрессивтілігі жоғары деңгейдегі, қоғамдық құндылықтар мен тиімді қатынастардан шеттелген тұлға. Ол заң және адамгершілік нормаларының талаптарын дұрыс меңгермеген, қоғам мен оның құндылықтарынан, шағын әлеуметтік топтардан (отбасы, жұмыс ұжымы және т. б.) сырт айналған адам, оның әлеуметтік пайдалы бейімділігі төмен, сол себептен шағын топтарда бейімделіп кету ол үшін аса қиындық тудырады. Қылмыс көбінесе тек қылмыстық істердің жиынтығы ғана емес, соларды жасаған адамдардың да жиынтығы. Әрине, қылмыстылықтың құрылымын зерттеген кезде қылмыстық факторларды ғана емес, қылмыскерлерді де талдап қарастырады. Қылмыстылықты әлеуметтік ортаның тұлғамен өзара байланысының шеңберінде қарастырған жөн¹.

Айтылған белгілер қоғамға қарсы көзқарас және бағыт ұстанған қылмыскерді қылмыскер емес тұлғадан айырады, ал олардың қабысуы белгілі бір тұлғаның қылмыс жасауының тікелей себебі болып табылады. Олар дара болмыс көлемінде және биологиялық шартты ерекшеліктер негізінде пайда болады.

Қылмыстылықты зерттеген кезде екі амал қолданылады: әлеуметтік-типологиялық және әлеуметтік рөлдік. Бірінші амалда, ең алдымен, тұлғаның әлеуметтік позициясы, соған сәйкес келетін әлеуметтік нормалары, оларды қабылдауы мен орындауы зерттеледі. Яғни, әлеуметтік ықпалдардың объектісі ретінде тұлғаның мінез-құлқының әлеуметтік себептелгендігіне басты назар аударылады. Екінші амалда тұлға қоғамдық қатынастардың субъектісі, белсенді қатысушысы ретінде қарастырылады. Әлеуметтік рөлдік амал адамға криминогендік жағдай тудыратын факторларды айқындауға мүмкіндік береді. Бұл факторлар тұлғаға құқыққа қайшы келетін міндеттер жүктейді, ал ол міндеттерді адам тек құқыққа қарсы әрекеттерді жасағанда ғана атқара алады (қарақшылықпен шабуыл жасау, тонау, адам өлтіру, зорлау немесе денеге зақым келтіру қылмыстарында).

Қылмыскер тұлғасы келеңсіз қоғамдық құбылыстар мен процестердің даралық нысанының көрінісі. Негізгі ереже — адам қылмыскер болып тумайды, ол өзінің өмір жолындағы келеңсіз жағдайлардың себебінен қылмыскер болып қалыптасады². Дегенмен, қылмыстық мінез әрдайым бұл ереже негізінде қалыптаспайды. Қалыптасқан келеңсіз жағдайлар адамның ішкі рухани дүниесін, тұлғаның психологиясын жаулап алып, адамға ықпал ететін қоздырғыштан өзінің психологиялық табиғатына сай келетін факторларды тандап, меңгереді. Әрбір жеке адам өзін тұлға ретінде қалыптастырған қарым-қатынастардың ғана емес, сонымен қатар өзінің жеке дамуы мен санасының жемісі болып табылады. Объективті белгісіне қарай қоғамдық жағдайды адамдар әртүрлі қабылдап бағалайды, ол әртүрлі әрекетті жасауға себеп болады. Біріншісі — тұлға мінезінің қалыптасуына ортаның тигізетін әсерінің өсуін, субъективті факторларды, психологиялық қасиеттерді, жағдайлар мен процестерді есепке алмай тұлғаны оның әлеуметтік рөлдері мен міндеттеріне бейімдеу, қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіндегі оның орны ретінде

қарастырылады. Екіншісі — туындаған мәселенің тек психологиялық факторларын ескеріп, олар қалыптасқан әлеуметтік орта мен олар дамыған және әрекет жасаған жағдайларды есепке алмау. Криминология әлеуметтік және психологиялық жағдайлардың түйісуінен және олардың бір-бірімен байланысынан бастау алу керек.

Криминалдық психологияның негізгі мәселелерінің бірі — ішкі тұлғалық себептерді айқындау. Бұл себептер тұлғаның мотивтік өрісі ретінде сыртқы ортаның қандай да бір факторларымен байланысып, тұлғаға криминогендік жағдай тудыруы мүмкін. Яғни, қылмыс жасаған адамның бойынан өзіндік ерекшеліктерді іздестіру қажет. Бұл — бір қылмыскерді екіншісінен айыратын, жеке аспектіде тек осы жеке адамды ғана сипаттайтын ерекше, дара, қайталанбайтын белгілер немесе қасиеттер³. Қылмыскер тұлғасының маңыздылығы — оның қоғамға қайшы әрекеттерінің ішкі алғышарты болып табылатын өзінің психикалық құрылымы мен құқықтық маңызды мінез-құлқының ерекшелігінде. Қылмыскер тұлғасын зерттеудегі мақсат — қылмыстық жауапкершілік қарастырылған қылықтарды оның жасауының субъективті қажеттілігі мен мүмкіндігін белгілейтін психологиялық қасиеттердің жиынтығын айқындау.

¹ Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы. // Казахстанская правда. 2009. 27 тамыз.

² Утанова Р. А. Жалпы және заң психологиясының негіздері. — Алматы, 2003.

³ Жарықбаев Қ. Психология (Оқулық). Бірінші басылымы. — Алматы, 2002.